

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ж.Аймауытов. Шығармалары, 5-том, А.,1999 ж.
2. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А.,1991
3. Назырова Т.С. Педагогические технологии: новый этап эволюции// Педагогика, №3, 1997, с.20-27.
4. Оразбаева Ф. Ш. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының республикалық баспа кабинеті, 2000.

ШИНЖИАН ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖАМАЛҚАН МЕН ҚҰРМАМБЕКТИҢ АЙТЫСЫ ТУРАЛЫ ТАЛДАУ

Риза Құмар қызы

СДУ Қазақ тілі мен әдебиеті бөлімінің 3-курс студенті
Ғылыми жетекшісі: ф.ғ.д., проф. Тебегенов Темірхан

Қазақ ұлты-ұзақ тарихы, бай мәдениеті өзіндік ерекше ұлттық дәстүрі бар ержүрек,еңбекшіл халық екені баршамызға аян.

Халқымыз ежелгі Сахара мәдениетінің көптеген асыл қазынасын өз бойына сіңіріп,сақтап әрі дамытып келеді.Сондықтан қазақ мәдениетінен Сахара мәдениетінің ең типтік мысалдарын мольнан кездестіруге болады.Соның ішінде қазақ халқының өмірімен өзектес,тағдырымен тамырлас, сүтпен бітіп сүйегімен кететін қанына сіңген дара өнері ақындар айтысы жайында:

Ақындар айтысы – ұзақ тарихи даму барысында қалыптасып үздіксіз кемелденген дәстүрлі мәдениет формасы.Ұлтымыз тарихы, мәдениеті, салт-санасы айтулы ақындардың өлең-жыр, ән-күй, аңыз дастандары арқылы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, бүгінгі таңда мұралық жолмен бізге жетіп отырмай ма?

Атадан жалғасып арыға ұласқан осынау қасиетті өнерін дүниенің төрт бұрышындағы қазақ ұрпақтары сақтап әрі дамытуда.Сол қазақ ұрпақтарының бір бөлімі бес мың жылдық тарихы бар миллиардтаған халқы бар Қытай республикасының бір мүшесі ретінде өмір сүріп жатыр сол жердегі бауырластарымыздың ақындар айтысын қалай сақтап қай өреге жеткізгендігі жайлы айтқым келеді. Қытай халқының тарихи маңызға ие он бірінші кезекті үшінші жалпы мәжілістен кейін сол мемлекеттегі әр ұлт халқының өшкендері жанып, өлгендері тіріліп, өркендері өсе бастаған да қазақ ұлтының да өзінің асыл мұра ардақты дәстүрі ретінде сонау сексенінші жылдардың бастарынан бастап ақындар айтысы сынды көлемді бұқаралық қимылды жоғары дәрежеге көтеруіне шарт жағдай әзірленді.

Ақындар айтысы бүгінгі таңда Қытай халық республикасының рухани өркениетін өрге бастыру стратегия негізінде белсенді роль атқарып келеді.

Ақындар айтысының тартымдылығы мен бұқараны баурау қуатының басқа қимылдармен салыстыруға келмейтін маңызды ерекшелігін байқаған әр дәрежелі партия,үкімет орындары бұл қимылды партия,үкімет маңызды күн тәртібіне енгізіп толық дайындық ойдағыдай ұйымдастырулар жасады.Әр жыл сайын ауылдық аудан болып өткізсе екі жылда бір аймақтық төрт жылда бір облыстық көлемді ақындар айтысы оздырылыпотырылады.

Ақындар айтысы Сахара мәдениетінің айғағы болғандықтан ақындар айтысын қар орманды жері бар, қарқаралы елі бар,қаз үйректі көлі бар,әсем де көркем кең тынысты жазиралы жайлауда өткізіледі.

“Той болады деп тон бітіріп алатын”орамдылығын байқатып ақындар айтысы оздырылатын жерлер шөгел дайындыққа кіріседі.Әр адам,әр отбасы,әр ауыл болып таяған сайын тағаты таусылып,жар құлағы жастыққа тимей жанын сала кірісетін қонақшыл қауым.Әр реткі ақындар айтысының мәнді де сәнді өтуі үшін аянбай тер төгеді.Киіз үйлер тігіп,байырғы тұрмыс тіршілік ғадетін аз күн болса да бір жаңғыртып,қапыда қалмауы үшін тырысады.

Өз қалауы табылса өзегін жұлып беруге даяр қазақ халқы қандай қасиетті десеңізші. Қарапайымдылыққа қалтықсыздық ұялап жататын осынау сабаз халықтың барлығына ортақ бір мақсаты өлең тойын сәтті өткізіп,дара өнері өлең өнерінен ойдағыдай сусындап, ұлттық рухани азыққа бірде болса да тоятпау еді.

Жүрегін ақ, еңбегін адал болса, тілегенің алдында дегендей.Жаз жайлауы,дархан табиғаты торқалы тойға исініп көркем көрінісі көрген сайын құлпырып, сахара сәні көздің жауын алатын осынау сахара тойы, өлең тойы, өнер тойы да келіп жетеді.

Өлең десе, жыр десе ішкен асын жерге қоятын, айтыс десе алты қырдан асып тойға баратын, сетер сезімді, сергек ойлы, сыршыл да жыршыл халқымыз тойға жиналады. Бүгінгі мынау ұшқан құстай дамыған зымыран заманда әр жерде әр кәсіптің әр тетігін меңгерген қазақтың ұл-қыздары жиылып тізеден келетін шалғын шөптің бетіндегі ақ гүлдері дендеп, қызыл-сары гүлдері араласқан гүлді жайлау көркіне таңдай қаға тамсанып, жомарт көңілді жайлау табиғаты жасыл дала, гүлді қойнау, қарағайлы қырқа, қаңсар биік таулар, керімсал ауасы мен осы жерде өткізіліп жатқан қазақтың салт-дәстүрлі мәдени өнерімен тоғысып қазақ ұрпақтарына рухани ләззат, кеуде толы мақтаныш және қуаныш сыйлайды.

Осынау Қытайда қазақ дәстүрлі өнер көшіне ақындар тобына бастаушы болған жамалқан қара батыр қызымен Құрманбек Зейітқазы ұлының айтысын үлгі ретінде талдап өтсем деймін.

1985-жылы Үрімжіде Жуңго фольклор қоғамның ғылыми талқы жиіні ашылды. Ақындар айтысы-айтыстың ең жоғарғы үлгісі. Ақындық қуатқа ие өнерпаздардың кең шалқып, ұзақ жырлайтын сайысы. Ауыз екі жаратылатын ауыз әдебиет мұраларының ішінде қолма-қол, нақ майданда жаратылатыны, күн ілгері ойлауға мұрса бермейтін нағыз суырып салмақтан туатыны осы ақындардың айтыс өлеңі болғандықтан, осы жиіннің ұсынысымен зерек зерде, ұшқыр ой өткір де көркем әдеби тіл қаруын ақыл ойымен тоғыстырған, қолма-қол жауап тануға шебер, нағыз суырып салма шешендер, тіл өнері бәсекесін нақ майдан шайқасының майталмандары, қазақтың әдебиет көркем өнер қауымынан атой салып алға бшыққан қыран ойлы, әйгілі айтыс ақындары Құрманбекпен Жамалқанды айтысуға шақырады.

Жамалқан Қарабатырқызы әйемгілі айтыс ақыны, мәдениет қайраткері. Ол 1941 жыл 29 қаңтарда Дөрбілжін ауданының жайр тауында дүниеге келген. Бала күнінен өлең сөзге бейімделген Ж. Қарабатырқызының айтыс сахынасы мен әдеби жасампаздық мінбесіне шығуы 1974 жылдан басталады. Содан бастап ақындық жолда тынбай ізденген ақын түрлі басылымдарда круар өлең жыр, терме толғаулар жарыады. Сонан бері аудан, аймақ, облыс және автономиялы райондық ақындар айтыстарында өлең-жыр нөсерін төгіп, бес рет ерекше силық, жиырма бір рет бірінші дәрежелі силық, екі рет халықаралық силық алып, үлкен аброй мәртебеге ие болды.

Құрманбек Зейітқазыұлы әйгілі айтыс ақыны, фольклорист, мәдениет – көркем өнер қайраткері, ол 1941 жылы Шыңгіл ауданың Шыбар тобылғы деген жерінде дүниеге келеді. 1957 жылы Қоғамдық қызмет табалдырғын Шыңгіл аудандық кооперативте бухгалтерлік қызметпен аттаған. 1959 жылдан соң солақай саясаттың соққысына ұшырап, жазықсыз жазаланып, 20 жыл өмірін өксімен өткізеді де, 1978 жылы ғана атақ – абройы қалпына келтіріледі. Соннан аудандық мәдениет мекемесінде қызметкер, аудандық саяси кеңестің орынбасар торағасы болып істеп, 1999 жылы зейнетке шығады.

Осы айтыста Құрманбекпен Жамалқан А дегеде-ақ ышғындап ұшатын қыранның, оза шабатын тұлпардың бейнесін елестетіп, ақындық айқасудың тамаша үлгісін тағы бір рет танытады.

Сүйтіп қазақ ауыз әдебиеті тақырыбында жырлай келіп мазмұнын барған сайын тереңдетіп, жұмбақ өлең негізінде айтысады, айтыс та жарасымды әзіл, сыйласымды ықылас байқатады.

Өлең басын әйел затына тән мейірімділігі, сыпайлығы, нәзіктілігімен ұласқан. Шешендік дара өнерімен тоғыстырып аурып қалып енді ғана «өнер» деп орнынан тұрған Құрманбектің алтын сомдап соғатын дархан көңілінің ауырмай да, кірлемей жүре беруін тілей келіп осы айтыста туған жерімен елі үшін аталы сөз айтсаң әке көріп оқ жонған асыл ерден боласың деп Құрманбекке сөз кезегін береді.

Құрманбек Жамалқанның нәзікте батыл сөз саптауына ризашылығын білдіріп :

Шымырлап толқынындай ерке емілдің,

Көңілдің нәзік қылын шерте білдің.

«Ана көріп тон пішкен» зерделінің,

Қарай көр, бал тілінен зер төгуін,

деп, Жамалқанның айтыс өнеріндегі таланттылығын туған жер табиғатымен тыныстас деп, айтыс онан ары өз мәресіне жетіп жатады.

Бұл екі ақында Қытайдағы осы заман танымалы ақындары болғандықтан көп айтысқа түсіп жұртқа өнерін шашқан таланттылар, әбден төселген шабантоздар болғандықтан бір-біріне танымалы бола тұрса да бірінің ақындық қуатына бірі мойынсал болмай, жеңіс туын біріне-бірі оңай бергісі келмеген сәтте бұл айтыста екеуі де бірін-бірі алдырмайтынына көзі жетіп, бір-біріне жұмбақ арқылы тор құрады.

Ақындар айтысында жұмбақ үлең айтысы, әдеттегі ақындардың қолынан келебермейді. Оның үстіне, айтылатын жұмбақ әдеттегі көпке жатқанды болған салттық айтыста кездесетін “Ата

өлең”, “Тау өлең”, “Балық өлең” сияқты жәй өлең емес, керісінше ерекше маңызға ие нәрселер оны ақын нақ майданда шешуі керек. Ортаға қойылатын жұмбақ оңай шешілмейтін дәрежеде болады, әрі оны өлеңге түсіріп майын тамза шешу керек. Жұмбақтасу барақының барлық айтысында келебермейді. Жұмбақтың жарыққа шығуына себеп айтыстың беталысы мазмұны мен байланысты мысалы:
Ақындар айтысы.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕГІ ЖАҢАША ТАЛДАУ

А.Н. Абдрахманова

Тарих-филология факультеті, 4курс.

Ғылыми жетекші: Г.С. Балтабаева

1980-інші жылдардың орта кезінен басталған қайта құру, жариялылық, демократия процесстері ел өміріне зор жаңалықтар енгізді. Өктем саясат, небір шырқыраған шындықты айтуға тиым салды. Ұлттық болмыс, ұлттық әдет-ғұрып, небір қадір-қасиеттер аса қуатты идеологияның жариялап отырған ұран-принциптеріне сай келмесе, аяқ асты етілді. Бүкіл идеологияға, адамзаттың ақыл-ой, санасына, еркіндігіне қатаң бақылау орнатылды.

Өмірдің шынайы келбетіне терең үңілу, ащы да болса шындықты айтудың қиындығы күнделікті идеологияның қалыптасқан қағидасына айналды. Осының нәтижесінде әдебиеттің барлық жанрлары, әсіресе әңгіме өз мәнінде құлашын кең жая алмады.

Ең бастысы, дәл осы кезеңде кеңестік аймақта ұлы өзгерістердің, жаңалықтардың ауылы алыс болғанымен, «социализм идеялогиясының мінсіздігіне, сол кезеңдегі қағидаларға сәйкес жер бетіндегі ең өміршең, ең әділ, кәміл шамшырақ екендігіне күдік туа бастады» (4) (Бердібай Р., 118-б).

Және бір айта кететін басты жайт – осынау ақиқатты сезіну барша қаламгерлер санасында үлкен серпіліс туғызды. Өркендеген, дамыған бүгінгі қазақ әдебиетіне жаңа бір серпіннің, жаңа толқынның, көркемдік, сапалық ізденістердің ене бастауы да сол 60-ыншы «жылымық» кезеңінен бастау алып, 80-90-ыншы жылдары арнасын кеңіткен екен. Біз сөз еткелі отырған қазақ әңгімелері осы проблемалардың пісуі жеткен кезеңге сексенінші-тоқсаныншы жылдарда әкімшіл-өміршіл жүйенің күйреуі қарсаңында түспа-түс келді. «Жылымықтың» аяғы тоқырауға ұласты. Бұл шындық қалайда әдебиетке сәулесін түсіруі тиіс еді, солай болды да. Әсіресе, басқа прозалық жанрларға қарағанда, оперативті жанр – әңгімеде айқын көрінді. Оған көрнекті жазушыларымыз Оралхан Бөкей, Дулат Исабеков, Марал Ысқақбаев, Тынымбай Нұрмағамбетовтердің шағын жанрда жазған туындылары куә.

Академик С.С.Қирабаев: «Дәуірдің әлеуметтік қайшылықтарын көре білу, ірі характерлер ашу, поэтикалық жаңа формалар туғызу жөніндегі ізденістер де жас таланттардың қолынан келеді. Олар еңбектегі құрбыларымен бірге бүгінгі тіршіліктің романтикасын жақсы сезінеді, болашаққа, оның қиялын өсіріп қызықтыратын ертеңгі күнге көрегендікпен қарай алады» (5) (Қирабаев С., 28) дей келіп, төмендегідей тұжырым жасайды: «Бүгінгі біздің замандасымыз қандай адам, оны қоршаған ортаның шындығы қандай, осы екеуінің ара-қатынасы қандай принципке құрылған, адам өз өмірінің қызығын, тіршілігінің мақсатын неде деп түсінеді, нені армандайды, не нәрсе оны ренжітеді? Бүгінгі күннің әдебиеті күн тәртібіне қойып отырған басты проблеманың бірі – осы» (6) (Сонда, 29). Әлеуметтік шындықты көркемдік шындыққа айналдыруда жазушыға ең қажетті фактордың бірі – суреткерлік. Өз шығармаларында уақытқа үн қосумен бірге жаңа уақыттың аяқ алысын тұңғыш аңғарған жазушылардың бірі – Оралхан Бөкей. Ол іс-әрекеті, мінез-құлқы өзгеше кейіпкерлердің бейнесін сомдауға талпынды. Жазушы өмір шындығының нағыз қайшылықтарын бар толық мәнінде бейнелеуге тырысты. Ащы шындықты айта білу, әлеуметтік өмірдің көлеңкелі жақтарын әшкерлеу, тазаруға, жаңарып-жаңғыруға шақыру сексенінші-тоқсаныншы жылдардың әдәби процесінде жетекші бағытқа айналса, Оралхан Бөкей сол бағытты ту етіп ұстады.

«Қасқыр ұлыған түнде» (8) (О.Бөкеев, 303) әңгімесінде ол заманымыздың көкейкесті, өзек жарды мәселелерін алға тартады. Шығарманың айтары көп. Нұрлан атты журналист редактордың тапсырмасымен Қазақстанның шығысында «Новостройка» деген қала типінде салынған мәдени-тұрмыстық жағынан бүкіл республикаға үлгі іспетті село туралы тамаша мақала жазбақ болып, сапарға шығып, жолшыбай Арай есімді жас студент қызбен танысады. Қаладан келе жатқан студент қыз қия шеттегі ауылынан бес шақырым жерде автобустан түсіп,